

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебіне тыңдаушылар қабылдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 29 сәуірдегі N 393а

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық Жоғары Мемлекеттік Басқару Мектебіне бір жылдық оқу циклына (1998/1999) оқу жылы 12 адам санында және екі жылдық оқу циклына (1998/2000 оқу жылы) 20 адам санында тыңдаушылар қабылдау жариялансын.

Қабылдау Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің, Қазақстан Республикасы Парламенті аппараттарының, Жоғары Сот және республиканың өзге де соттары аппараттарының, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі мен Орталық сайлау комиссия аппараттарының, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың, орталық атқарушы органдар мен ведомстволардың, жергілікті өкілді және атқарушы органдардың жауапты қызметкерлерінің, Ұлттық және мемлекеттік банктердің, олардың органдары мен бөлімшелерінің қызметкерлерінің, мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет проблемаларымен шұғылданатын ғылыми қызметкерлер мен аспиранттардың арасынан конкурстық негізде жүргізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық Жоғары

Мемлекеттік Басқару Мектебіне оқуға ақылы негізде оқыту үшін 12 қосымша тыңдаушыны мемлекеттік кәсіпорындар, өндірістік кооперативтер, шаруашылық серіктестіктері, коммерциялық емес ұйымдар мен басқа да мемлекеттік емес сектор өкілдерін қабылдауға рұқсат етілсін.

Тыңдаушыларды қабылдау түсу емтихандарының нәтижелері бойынша, ал ақылы түсушілер әңгімелесу нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК